Бала туу жасындағы әйелдер / Контрацепция

Бала туатын жастағы әйелдерде және контрацепция шараларын пайдаланатын әйелдерде препаратты қолдану жөніндегі ұсынымдар жоқ.

Жүктілік

Жүкті әйелдерде осельтамивирді қолданудың бақыланатын клиникалық зерттеулері жүргізілмегенімен, постмаркетингтік және ретроспективті бақылау туралы есептерден алынған шектеулі деректер бар. Бұл деректер жануарларды зерттеу нәтижелерімен үйлесімде жүктілік/ эмбриондық/күрсақшілік немесе босанғаннан кейінгі даму барысына тікелей немесе жанама жағымсыз әсерлерді көрсетпейді (5.3-бөлімді қараңыз). Энфлувирді жүкті әйелдерде қолдану қауіпсіздігін, тұмау вирусының айналымдағы штаммының патогенділігін және жүкті әйелдің ағымдағы жағдайын мұқият бағалаудан кейін ғана мүмкін болады.

Энфлувирді жүкті әйелдерде тек әйел үшін әлеуетті пайдасы шарана үшін әлеуетті қауіптен асатын жағдайларды қоспағанда, қолдануға болмайды.

Бала емізу

Жануарларды зерттеу көрсеткендей, осельтамивир ана сүтімен шығарылады. Осельтамивирдің емшек сүтімен шығарылуы туралы ақпарат өте шектеулі. Шектелген деректер осельтамивир мен оның белсенді метаболиті аз мөлшерде емшек сүтіне еніп, нәресте қанында субтерапиялық концентрация жасайтынын көрсетеді. Осельтамивирді бала емізетін әйелдерге тағайындағанда, сондай-ақ бұрыннан бар қатарлас ауруларды және тұмау вирусының айналымдағы штаммының патогендігін ескеру керек. Бала емізу кезеңінде осельтамивир емшек емізетін ана үшін емдеудің айқын күтілетін артықшылықтары бала үшін қауіптен асып кеткен жағдайда ғана қолданылады.

Фертильдік

Клиникаға дейінгі зерттеулерде Энфлувир препаратын енгізу кезінде фертильділік, репродуктивтілік және шәуһетті бағалау көрсеткіштеріне әсері анықталған жоқ. Клиникаға дейінгі деректер препараттың ерлер мен әйелдердің фертильділігіне әсерін көрсетпейді.

4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсері

Энфлувир көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер етпейді.

4.8 Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейінінің түйіндемесі

Энфлувир препаратының қауіпсіздік бейіні тұмауды емдеу кезінде Энфлувир немесе

плацебо алған 6049 ересек пациенттер/жасөспірімдер және 1473 балалар, сондай-ақ тұмауды емдеу кезінде препарат немесе плацебо қабылдаған 3990 ересек пациенттер/жасөспірімдер және 253 балалар деректеріне негізделген. Ересек пациенттерде / жасөспірімдерде тұмауды емдеудің клиникалық зерттеулері барысында жиірек жағымсыз реакциялар (ЖР) жүрек айну және құсу, ал профилактиканы зерттеу барысында жүрек айну болды. Аталған ЖР көпшілігі емнің бірінші немесе екінші күнінде бір рет тіркелді және келесі 1-2 күн ішінде өздігінен жойылды. Балаларда жиі ЖР құсу болды. Пациенттердің көпшілігінде ЖР деректері препаратпен емді тоқтатуға әкелген жоқ. Төменде санамаланған күрделі ЖР тіркеуден кейінгі кезеңде сирек байқалды: анафилаксиялық және анафилактоидтық реакциялар, бауыр тарапынан бұзылулар (фульминанттық гепатит, бауыр функциясының бұзылуы және сарғаю), ангионевроздық ісіну, Стивенс-Джонсон синдромы және уытты эпидермалдық некролиз, асқазан-ішектен қан кету және жүйке жүйесі мен психика тарапынан бұзылулар (4.4-бөлімді қараңыз).

Жағымсыз реакциялардың кестелік тізімі

Жағымсыз реакциялар жиілігінің сандық критерийлері және жағымсыз реакциялардың жүйелік-ағзалық жіктелуіне және олардың пайда болу жиілігіне сәйкес жіктелуі (Жағымсыз құбылыстар жиілігін анықтау мынадай критерийлерге сәйкес жүргізіледі: өте жиі ($\geq 1/100$ -ден $< 1/10$ -ға дейін), жиі емес ($\geq 1/1000$ -ден $< 1/100$ -ге дейін), сирек ($\geq 1/10000$ -нан $< 1/1000$ -ға дейін), өте сирек ($< 1/10000$), белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес)

Жағымсыз реакцияларға тиісті санаты клиникалық зерттеулерді біріктірілген талдау негізінде беріледі. Әрбір жиілік тобында жағымсыз реакциялар ауырлықты азайту тәртібімен ұсынылады.

Ересектер мен жасөспірімдердегі тұмаудың емі және профилактикасы

1-кестеде ересектер мен жасөспірімдерде тұмаудың профилактикасы және емдеу бойынша зерттеулерде препараттың ұсынылған дозасын қабылдау кезінде бақыланған жиі кездесетін ЖР көрсетілген (емдеу үшін 5 күн ішінде тәулігіне 2 рет 75 мг және профилактика үшін 6 аптаға дейін тәулігіне 1 рет 75 мг).

Тұмаудың профилактикасы жөніндегі зерттеулерде Энфлувир препаратының ұсынылған дозасын (6 аптаға дейін тәулігіне 1 рет 75 мг) қабылдаған пациенттердегі қауіпсіздік бейіні препаратты неғұрлым ұзақ қабылдауға қарамастан, тұмауды емдеу жөніндегі зерттеулерден сапалық жағынан ерекшеленбеді.

1-кесте. Ересек пациенттер мен жасөспірімдерде немесе тіркеуден кейінгі кезеңде Энфлувир препаратымен тұмаудың профилактикасы және емдеуге арналған зерттеулердегі жағымсыз реакциялар

Ағзалар жүйелері класы	Анықталу жиілігіне сәйкес жағымсыз реакциялар			
	Өте жиі	Жиі	Жиі емес	Сирек

Инфекциялық және паразиттік аурулар		Бронхит, қарапайым герпес, назофарингит, жоғарғы тыныс жолдарының инфекциялары, синусит		
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар				Тромбоцитопения
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар			Аса жоғары сезімталдық реакциялары	Анафилаксиялық реакциялар, анафилоидты реакциялар
Психиканың бұзылуы				Ажитация, мінез-құлықтың ауытқуы, мазасыздық, сананың шатасуы, сандырақтау, елестеулер, шымшытырық түс, өзін-өзі зақымдау
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Бас ауыру	Ұйқысыздық	Сананың өзгерген деңгейі, құрысулар	
Көру ағзалары тарапынан бұзылулар				Көрудің бұзылуы
Жүрек тарапынан бұзылулар			Аритмия	
Тыныс алу ағзалары, кеуде қуысы және көкірек ортасы тарапынан бұзылулар		Жөтел, тамақтың ауыруы, ринорея		
Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар	Жүрек айнуы	Құсу, іштің ауыруы (іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсынуды қоса), диспепсия		Асқазан-ішек қан кету, геморрагиялық колит

Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар			Бауыр ферменттерінің жоғары белсенділігі	Фульминантты гепатит, бауыр функциясының жеткіліксіздігі, гепатит
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар			Экзема, дерматит, бөртпе, есекжем	Ангинебродық ісіну, мультиформалы эритема, Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз
Жалпы бұзылулар және енгізген жердегі бұзылулар		Ауырсыну, бас айналу (вертигоны қоса), шаршау, қызба, аяқ-қолдың ауыруы		

Балалардағы тұмауды емдеу және профилактикасы

Тұмауды емдеу үшін осельтамивирді қолданған клиникалық зерттеулерге 1473 бала қатысты (1 жастан 12 жасқа дейінгі қатарлас аурулары жоқ дені сау балаларды және 6 жастан 12 жасқа дейінгі демікпесі бар балаларды қоса). Оның ішінде 851 бала суспензия түріндегі осельтамивирмен ем алды. Жалпы алғанда 158 бала үй жағдайында қатынастан кейінгі алдын алу зерттеулерінде (n=99), 6 апталық маусымдық алдын алу зерттеулерінде (n=49) және иммунитеті әлсіз пациенттерде 12 апталық маусымдық алдын алу зерттеулерінде (n=10) Энфлувир препаратының ұсынылған дозасын тәулігіне 1 рет қабылдады.

2-кестеде балалардың қатысуымен жүргізілген клиникалық зерттеулер барысында хабарланған ең жиі ЖР ұсынылған.

2-кесте. Энфлувир препаратымен балалардағы тұмаудың профилактикасы және емдеу бойынша клиникалық зерттеулер барысында анықталған жағымсыз реакциялар (жасына/салмағына байланысты 30 мг-дан 75 мг-ға дейінгі доза)

Ағзалар жүйелерінің класы (АЖК)	Анықтау жиілігіне сәйкес жағымсыз реакциялар			
	Өте жиі	Жиі	Кейде	Сирек
Инфекциялар мен инвазиялар		Ортаңғы отит		
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар		Бас ауыру		
Көру ағзалары тарапынан бұзылулар		Конъюнктивит (көздің қызаруын, бөлінді және ауырсынуды қоса)		
Есту ағзалары және лабиринт тарапынан бұзылулар		Құлақтың ауыруы	Дабыл жарғағы тарапынан бұзылулар	
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар	Жөтел, мұрынның бітелуі	Ринорея		
Асқазан-ішектік бұзылулар	Құсу	Іштің ауыруы (іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсынуды қоса), диспепсия, жүрегі айну		
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар			Дерматит (аллергиялық және атопиялық дерматитті қоса)	

Кейбір жағымсыз реакциялардың сипаттамасы

Жүйке жүйесі мен психика тарапынан бұзылулар

Тұмау әртүрлі неврологиялық симптомдармен және мінез-құлықтың өзгеруімен, соның ішінде елестеулер, делирий және мінез-құлықтың ауытқуы сияқты симптомдармен байланысты болуы мүмкін, кейбір жағдайларда өлімге әкелуі мүмкін. Бұл құбылыстар энцефалопатияның немесе энцефалиттің дамуы аясында да, айқын күрделі ауруы болмаса да пайда болуы мүмкін.

Тіркеуден кейінгі кезеңде тұмауды емдеуге арналған Энфлувир препаратын қабылдаған пациенттерде құрысулар мен делирий (сананың бұзылуын, сананың шатасуын, мінез-құлықтың ауытқуын, сандырақтауды, елестеулерді, мазасыздықты, үрейленуді, түнгі шым-шытырық түстерді қоса алғанда) байқалды. Сирек жағдайларда ЖР өзін-өзі

жарақаттауға немесе өліммен аяқталуға әкелді. Бұл құбылыстар негізінен балалар мен жасөспірімдер арасында тіркелді, көбінесе кенеттен басталып, тез аяқталды. Энфлувир препаратының осы құбылыстардың дамуындағы рөлі белгісіз. Көрсетілген психоневрологиялық бұзылулар Энфлувир препаратын алмаған тұмауы бар пациенттерде де тіркелген.

Бауыр мен өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар

Гепатитті және «бауыр» ферменттерінің белсенділігін арттыруды қоса алғанда, бауыр мен өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар тұмауға ұқсас ауруы бар пациенттерде байқалды. Бұндай құбылыстар фульминантты гепатит / бауыр жеткіліксіздігінде де болды.

Пациенттердің ерекше топтары

Балалар (1 жасқа дейінгі сәбилер)

Тұмаумен 1 жасқа дейінгі 135 бала қатысқан осельтамивирдің фармакокинетикасы, фармакодинамикасы және қауіпсіздік бейіні бойынша екі зерттеуде препараттың қауіпсіздік бейіні әртүрлі жас топтарында салыстырмалы болды. Бұл ретте ең жиі хабарланатын жағымсыз құбылыстар құсу, диарея және жөргектік дерматит болды. Шала туған балалардағы деректер жеткіліксіз.

1 жасқа дейінгі балаларды емдеу кезінде осельтамивирді қолдану қауіпсіздігі туралы деректер проспектілі және ретроспективті бақылау зерттеулерінің (осы жастағы 2400-ден астам баланы қамтыды), эпидемиологиялық дерекқорды зерделеу және тіркеуден кейінгі бақылау тәжірибесінің нәтижесінде алынды. 1 жасқа дейінгі балалардағы қауіпсіздік бейінін 1 жас және одан асқан балалардағы белгілі қауіпсіздік бейінімен салыстыруға болады.

Иммунитеті әлсіреген пациенттер

Иммунитеті әлсіреген 475 пациентте (1-ден 12 жасқа дейінгі және одан үлкен 18 баланы қоса алғанда) тұмаудың профилактикасын 12 апталық зерттеу барысында осельтамивир тобындағы қауіпсіздік бейіні (238 пациент) профилактика бойынша басқа клиникалық зерттеулерде бұрын байқалған қауіпсіздік бейінімен салыстырарлық болды.

Бронх демікпесі бар балалар

Бронх демікпесі бар балалардағы жағымсыз реакциялардың бейінін қатар жүретін аурулары жоқ балалармен салыстыруға болады.

Күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

ДП «пайда-қауіп» арақатынасын үздіксіз мониторингтеуді қамтамасыз ету мақсатында ДП тіркеуден кейін күмән тудыратын жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медициналық қызметкерлерге ҚР жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарландыру жүйесі арқылы ДП кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

4.9 Артық дозалануы

Клиникалық зерттеулер барысында және Энфлувир препаратын тіркеуден кейінгі қолдану кезеңінде хабарланған артық дозалану жағдайларының көбі қандай да бір жағымсыз құбылыстармен бірге болған жоқ. Артық дозалану жағдайларында жағымсыз реакциялар пайда болу жиілігі бойынша 4.8 бөлімде көрсетілген емдік дозаларда препаратты қолдану кезінде байқалған жағымсыз реакциялармен ұқсас және салыстырмалы болды.

Арнайы антидоты белгісіз.

Балаларда артық дозалануы

Балаларда артық дозалану жағдайлары ересектер мен жасөспірімдерге қарағанда жиі байқалды. Энфлувир пероральді суспензиясын дайындау кезінде және препаратты балаларда қолдану кезінде ерекше сақ болу қажет.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1 Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Жүйелі қолдануға арналған вирусқа қарсы дәрілік заттар. Вирусқа қарсы тікелей әсер ететін дәрілік заттар. Нейраминидаза тежегіштері. Осельтамивир.

АТХ коды J05AH02

Әсер ету механизмі

Осельтамивир фосфаты белсенді метаболиттің (осельтамивир карбоксилатының) туындысы болып табылады. Белсенді метаболит вирион беткейінде орналасқан гликопротеиндер болып табылатын тұмау вирусының нейраминидаза ферменттерінің селективті тежегіші болып табылады. Нейраминидаза вирустық ферментінің белсенділігі вирус инфекция жұқтырған жасушалардан пайда болған вирустық бөлшектерді босату және вирустың организмге одан әрі таралуы үшін маңызды.

Осельтамивир карбоксилаты *in vitro* А және В тұмауы вирусының нейраминидазаларын тежейді. Осельтамивир фосфаты тұмау вирусының өсуін тежейді және оның *in vitro* репликациясын тежейді. Осельтамивирді пероральді қабылдау адам күніне екі рет 75 мг қабылдағанға ұқсас дозаларда жануарларға тұмау модельдерін сынауда А және В тұмауы вирусының *in vivo* репликациясы мен патогенділігін тежейді. Осельтамивирдің А және В тұмауына қатысты вирусқа қарсы белсенділігі дені сау еріктілерде түрткі сынамалары бар эксперименттік зерттеулермен расталды.

Клиникалық оқшауланған А тұмауы үшін нейраминидаза ферментіне қатысты осельтамивирдің тежегіш концентрациясының медианасының (IC50) мәні 0.1 нМ-ден 1.3 нМ-ге дейін, В тұмауы үшін 2.6 нМ болды. Жарияланған зерттеу нәтижелерінде В тұмауы үшін IC50 – ден 8.5 нМ-ге дейін жоғары мәндер туралы хабарлады.

Клиникалық зерттеулер

Тұмау инфекциясын емдеу

Қолдану көрсеткіштері А тұмауы басым инфекция болған табиғи тұмаудың клиникалық зерттеулеріне негізделген.

Осельтамивир тұмау вирусы туындаған ауруларға қатысты ғана тиімді. Сондықтан статистикалық талдау деректері тұмау вирусы инфекциясын жұқтырған пациенттер үшін ғана ұсынылған. Оң және теріс нәтижелері бар пациенттерді қамтитын зерттелетін популяцияда тұмау вирусының (ИТТ) РНҚ-на кері транскриптаза полимеразды тізбекті реакция, бастапқы тиімділік тұмау вирусын анықтаудың теріс нәтижесі бар пациенттер санына пропорционалды түрде төмендеді. Ем қабылдайтын барлық популяцияда тұмау вирусын инфекциясын жұқтыру рекрутирленген пациенттердің 67% - ында (46% - дан 74% - ға дейін) расталған. Ересек пациенттердің ішінде тұмау вирусының болуы зертханалық түрде 64% - да расталды, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі және/немесе респираторлық аурулары бар барлық пациенттердің ішінде тұмау вирусының болуы зертханалық түрде 62% - да расталды. ІІІ фазаның барлық клиникалық зерттеулеріне осы аймақтағы тұмау вирусының айналымы кезеңінде ғана пациенттер енгізілді.

13 және одан үлкен жастағы ересектер мен жасөспірімдер

Зерттеулерге ең болмағанда бір респираторлық симптоммен (жөтел, назальді симптомдар, тамақ ауруы) және кем дегенде бір жүйелі симптоммен (бұлшықеттердегі ауырсыну, қалтырау/тершендік, дімкәстік, әлсіздік немесе бас ауруы) бірге жүретін ≥ 37.8 °C қызбасы бар соңғы 36 сағатта аурудың белгілері туралы хабарлаған пациенттер енгізілді. 5 күн ішінде күніне екі рет 75 мг дозада осельтамивир алған тұмау вирусын (n=2413) анықтаудың оң нәтижесі бар барлық ересектер мен жасөспірімдердің

біріктірілген талдауында плацебо тобымен салыстырғанда аурудың орташа ұзақтығы бір күнге 5.2 күннен (95% СА 4.9-5.5 күн) 4.2 күнге дейін (95% СА 4.0-4.4 күн; $p \leq 0.0001$) қысқаруы байқалды.

Бактерияға қарсы препараттармен (негізінен бронхит) емдеуді талап ететін төменгі тыныс алу жолдары жағынан асқынулар туындаған пациенттердің үлесі плацебо тобындағы 12.7% - дан (135/1063) 8.6% - ға дейін (116/1350) осельтамивирмен ($p=0.0012$) ем қабылдаған пациенттерде азайды.

Жоғары қауіп тобындағы пациенттердегі тұмауды емдеу

Егде жастағы пациенттерде (≥ 65 жас) және жүрек және/немесе тыныс алу жолдарының созылмалы аурулары бар, 5 күн ішінде күніне екі рет 75 мг осельтамивир алған пациенттерде тұмаудың орташа ұзақтығы айтарлықтай азайған жоқ. Осельтамивирмен емдеу тобында қызба ұзақтығы бір күнге азайды. Осельтамивирдің әсерімен тұмау вирусын анықтаудың оң нәтижесі бар қарт пациенттерде осельтамивирмен ($p=0.0156$) ем қабылдаған пациенттерде плацебо тобындағы 19% - дан (52/268) бастап (29/250) антибиотиктермен (негізінен бронхит) емдеуді талап ететін төменгі тыныс алу жолдары жағынан асқыну жиілігі едәуір азайды.

Жүрек және/немесе тыныс алу жолдарының созылмалы ауруларынан зардап шегетін тұмау вирусын анықтаудың оң нәтижесі бар пациенттерде антибиотиктермен емдеуді (негізінен бронхит) талап ететін төменгі тыныс алу жолдарының инфекцияларының аралас жиілігі плацебо тобында 17% (22/133) және осельтамивир алған топта – 14% (16/118) ($p=0.5976$) құрады.

Жүктілердегі тұмауды емдеу

Осельтамивирді жүктілік кезеңінде қолдануға бақыланатын клиникалық зерттеулер жүргізілген жоқ, алайда, тіркеуден кейінгі тәжірибе мен сырқаттанушылықтың/өлімнің неғұрлым төмен көрсеткіштерін көрсететін ретроспективті бақылау зерттеулерінің деректеріне негізделген пациенттердің осы популяциясында дозалау режимінің артықшылықтарының дәлелі бар. Фармакокинетикалық талдау нәтижелері белсенді метаболиттің төмен экспозициясын көрсетеді, алайда жүктілік кезінде тұмауды емдеу немесе профилактика кезінде препарат дозасын түзету ұсынылмайды

Балалардағы тұмауды емдеу

Қатарлас аурулары жоқ (65% тұмау инфекциясына қатысты оң) 1-12 жас аралығындағы (орташа жасы 5.3 жас), жоғары температурасы (≥ 37.8 °C), жөтел немесе тұмауы бар балалар қатысқан зерттеулерде ауру жұқтырған пациенттердің 67% – ы А типті тұмау вирусын, 33% - ы В типті тұмау вирусын жұқтырған. Ауру симптомдары пайда болғаннан кейін 48 сағат ішінде басталған осельтамивирмен емдеу ауруды емдеуге қажетті уақытты плацебомен салыстырғанда едәуір 1.5 күнге (95% СА 0.6-2.2 күн; $p < 0.0001$) қысқартты (бұл денсаулықтың, белсенділіктің қалыпты жағдайын бір мезгілде қалпына келтіру, дене температурасының төмендеуі, жөтелді және тұмауды басу ретінде анықталды). Осельтамивирді қабылдау плацебо тобындағы жедел отиттің даму жиілігін 26.5% - дан (53/200) осельтамивир тобындағы 16% - ға (29/183) дейін ($p=0.013$) азайтты. Тағы бір зерттеуге 6-12 жас аралығындағы 334 демікпесі бар бала кірді, олардың 53.6% - ы тұмау вирусына қатысты оң болды. Осельтамивир алған топта аурудың орташа ұзақтығы айтарлықтай азайған жоқ. Осы популяцияда 6 күнге (емдеудің соңғы күні) қарқынды дем шығару көлемі 1 секунд ішінде осельтамивир қабылдаған топта 10.8% - ға ұлғайды, плацебо тобындағы 4.7% - бен салыстырғанда ($p=0.0148$).

В тұмауы инфекциясын емдеу

Жалпы алғанда, тұмау вирусына қатысты оң популяцияның 15% - ы В тұмауы вирусы инфекциясын жұқтырған; әртүрлі зерттеулердің деректері бойынша-1-ден 33% - ға дейін. В тұмауы бар пациенттерде аурудың орташа ұзақтығы әртүрлі зерттеулердегі емдеу топтары арасында айтарлықтай ерекшеленбеген. Талдау жүргізу үшін зерттеуге

енгізілген В тұмауы вирусын жұқтырған барлық 504 пациенттің деректері біріктірілді. Осельтамивирді қабылдау барлық симптомдарды 0.7 күнге (95% СА 0.1-1.6 күн; плацебомен салыстырғанда қызба ұзақтығы (≥ 37.8 °C), жөтел және тұмау бір күнге (95% СА 0.4-1.7 күн; $p < 0.001$).

Тұмаудың профилактикасы

Осельтамивирдің табиғи жағдайларда тұмаудың профилактикасының тиімділігі отбасында қарым-қатынастан кейін және екі маусымдық профилактика зерттеулерінде көрсетілді. Барлық зерттеулерде тиімділіктің алғашқы көрсеткіші зертханалық диагностикаланатын тұмаудың пайда болу жиілігі болды. Тұмау вирусының вируленттілігі болжанбайды және аймақ шегінде және маусымнан маусымға қарай өзгереді, сондықтан тұмаудың алдын алу үшін емдеуді қажет ететін адамдар саны да өзгереді.

Қарым-қатынастан кейінгі профилактика

Тұмаумен ауыратын науқастармен қарым-қатынаста болған адамдарда бір зерттеуде (12.6% тұмауға қарсы вакцинацияланды), күніне бір рет 75 мг осельтамивирді қолдануды бастады, науқаста симптомдар дамығаннан кейін екі тәулік ішінде және 7 күн емдеуді жалғастырды. Тұмау диагнозы 377-нің 163-інде расталды. Осельтамивир плацебо тобында 24/200-ден (12%) 2/205 (1%) дейінгі, осельтамивир тобында (92% кемуі [95% СА 6-16, $p \leq 0.0001$]) клиникалық анықталған тұмау жиілігін едәуір азайтты. Тұмаудың расталған инфекциясы бар науқастармен байланыста болған адамдарда емдеуді қажет ететін жағдайлар саны инфекция көзінің инфекциялық статусына қарамастан (NNT – number needed to treat) 10 (95% СА 9-12); 16 барлық зерттеу қатысушыларында (ITT) (95% СА 15-19) құрады.

Табиғи жағдайда тұмаудың алдын-алудағы осельтамивирдің тиімділігі инфекция жұқтыру көзі ретінде де, байланыста болған адамдар ретінде де ересектермен, жасөспірімдермен және 1 жастан 12 жасқа дейінгі балалармен байланыста болғаннан кейінгі профилактика зерттеулерінде көрсетілген. Бұл зерттеудің тиімділігінің алғашқы көрсеткіші отбасылардағы зертханалық және клиникалық диагноз қойылған тұмаудың жиілігі болды. Осельтамивирдің профилактикасы 10 күнге созылды. Бүкіл популяцияда отбасыларда зертханалық және клиникалық диагноз қойылған тұмаудың жиілігі профилактикалық ем алмаған топтағы 20%-дан (27/136) профилактика алған топта 7% - ға дейін (10/135), (62.7% төмендеп [95% СА 26.0-81.2; $p = 0.0042$]) азайды. Тұмауды жұқтыру көздері бар отбасыларда тұмаудың пайда болу жиілігі профилактикалық ем алмаған топтағы 26%-дан (23/89) профилактика алған топта (9/84) 11% - ға дейін (58.5% азаю [95% СА 15.6-79.6; $p = 0.0114$]) азайды.

1-12 жастағы балалардың кіші тобында клиникалық диагноз қойылған жағдайларының жиілігі профилактикалық ем алмаған топтағы 19%-дан (21/111) тұмаудың зертханалық және профилактика алған топтағы 7% - ға (7/104) дейін (64.4% азаю [95% СА 15.8-85.0; $p = 0.0188$]) едәуір азайды. Зерттеудің басында әлі жұқпаған балалардың арасында зертханалық және клиникалық диагноз қойылған тұмау жағдайларының жиілігі профилактика алмаған топтағы 21%-дан (15/70) профилактика алған топтағы 4% - ға (2/47) дейін төмендеді (80.1% төмендеуі [95% СА 22.0-94.9; $p = 0.0206$]). Бүкіл зерттеу популяциясы (ITT) үшін NNT балалар популяциясында 9 (95% СА 7-24) және расталған көздермен байланыста болған балалар популяциясында 8 (95% СА 6, жоғарғы шек анықталмайды) болды.

Тұмау эпидемиясы кезіндегі профилактика

Вакцинацияланбаған және қатарлас ауруларсыз ересектер қатысқан екі зерттеудің біріккен талдауында тұмаудың өршуі кезінде алты апта ішінде күніне бір рет 75 мг осельтамивирді қабылдау плацебо тобындағы клиникалық айқындалған тұмаудың даму жиілігін 25/519 (4.8%)-дан осельтамивир тобында (76% кему (95% СА 1.6-5.7) 6/520 (1.2%) дейін едәуір азайтты; $p = (0.006)$. NNT бұл зерттеуде 28 (95% СА 24-50) болды.

Қарттар үйінде тұратын егде адамдар арасында жүргізілген зерттеуде қатысушылардың 80% зерттеу жүргізу кезеңінде вакцинация алған, 75 мг осельтамивирді алты апта ішінде күніне бір рет қабылдау плацебо тобындағы клиникалық айқындалған тұмаудың жиілігін 12/272-ден (4.4%) осельтамивир тобындағы 1/276-ға (0.4%) дейін (92% азайту [95% СА 1.5-6.6; $p=0.0015$]) едәуір азайтты. NNT бұл зерттеуде 25 (95% СА 23-62) болды.

Тұмаудың иммунитет тапшылығы бар пациенттердегі профилактикасы

Тұмаудың маусымдық профилактикасын жасырын салыстырмалы плацебо бақыланатын рандомизацияланған зерттеу иммунитет тапшылығы бар 475 пациентте (паренхиматозды ағзаларды трансплантациялаған 388 пациент [195 – плацебо, 193 – осельтамивир], бағаналы жасушаларды трансплантациялаған 87 пациентте [43 – плацебо, 44 – осельтамивир], басқа иммунитет тапшылығы жағдайлары бар пациенттерде енгізілген жоқ), оның ішінде 1-12 жастағы 18 бала. Бұл зерттеуде бағалаудың негізгі критерийі өсіріндіде және/немесе серологиялық (антиденелер титрінің 4 есе ұлғаюы) расталған зертханалық және клиникалық диагностикаланған тұмаудың жиілігі болды. Зертханалық және клиникалық диагностикалық тұмаудың жиілігі плацебо тобында 2.9% (7/238) және осельтамивир тобында 2.1% (5/237) (95% СА 2.3% -4.1%; $p=0.772$) құрады.

Ықтимал асқынулар қаупін төмендетуге бағытталған арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ.

Осельтамивирге төзімділігі

Клиникалық зерттеулер: сезімталдығы төмен немесе осельтамивирге айқын төзімділігі бар тұмау вирустарының пайда болу қаупі "Рош" компаниясы демеушілігімен жүргізілген клиникалық зерттеулер барысында зерттелді. Осельтамивираға резистенттіліктің дамуы емдеу барысында ересектерге қарағанда балаларда жиі байқалды, бұл ретте резистенттіліктің туындау жиілігі ересектерде <1% - дан және 1 жасқа дейінгі нәрестелерде 18% - ға дейін өзгерді. Осельтамивирге төзімді вирусты тасымалдаушы балалар жалпы вирусты осы препаратқа сезімтал вирусты тасымалдаушыларға қарағанда ұзақ уақыт бөлген. Алайда, емдеу барысында дамып келе жатқан осельтамивирге төзімділігі емдеу тиімділігіне әсер етпеді және тұмау симптомдарының ұзақ уақыт сақталуын тудырмады

Қазіргі уақытта иммундық супрессиясы жоқ пациенттерде тұмаудың жанасудан кейінгі (7 күн), үй шаруашылықтары топтарындағы жанасудан кейінгі (10 күн) және маусымдық (42 күн) тұмау профилактикасының клиникалық зерттеулерінде препаратты қолданумен байланысты дәрілік төзімділіктің дамуының дәлелі жоқ. Иммун тапшылығы бар пациенттерде препаратты 12 апталық профилактикалық қолдану кезеңінде резистенттілік байқалмады.

Пациенттер популяциясы	Төзімділікке әкелетін мутациялары бар пациенттер (%)	
	Фенотиптеу*	Генотиптеу және фенотиптеу*
Ересектер және жасөспірімдер	4/1245 (0.32 %)	5/1245 (0.4 %)
Балалар (1-12 жас)	19/464 (4.1 %)	25/464 (5.4 %)

* Толық генотиптеу барлық зерттеулерде жүргізілді.

Осельтамивирге сезімталдықтың төмендеуімен астасқан табиғи мутациялар осельтамивир алмаған науқастарда бөлінген А және В тұмауы вирустарында *in vitro* анықталды. Осельтамивирмен емдеу кезінде іріктелген резистентті штаммдар қалыпты иммунитеті бар пациенттерде де, иммун тапшылығы бар пациенттерде де бөлінді. Иммун тапшылығы бар пациенттерде және тым кіші жастағы балаларда емдеу кезінде

осельтамивирге төзімді вирустардың даму қаупі жоғары болды.

Осельтамивир алған пациенттерден бөлінген осельтамивирге төзімді вирустар және осельтамивирге төзімді тұмау вирусының зертханалық штамдарында N1 және N2 нейраминидаза мутациялары болды. Тұрақтылық мутациясында вирустың қосалқы типтеріне спецификалық болу үрдісі болды. 2007 жылдан бастап H1N1 маусымдық штамдарының H275Y мутациясымен байланысты табиғи тұрақтылық анда-санда анықтала бастады. Осельтамивирге сезімталдық және мұндай вирустардың таралуы жыл мезгілі мен аймаққа байланысты өзгереді. 2008 жылы H275Y Еуропада H1N1 тұмауының айналымдағы штамдарының >99% - ынан табылды. 2009 жылы H1N1 тұмауы ("шошқа тұмауы") осельтамивирге біркелкі сезімтал болды, тек емдік және профилактикалық режимде тұрақтылық туралы анда-санда хабарламалар байқалды.

5.2 Фармакокинетикалық қасиеттері

Сіңірілуі

Осельтамивир асқазан-ішек жолында осельтамивир фосфатын (ізашар дәрі) пероральді қабылдағаннан кейін оңай сіңеді және бауыр эстеразаларының әсерінен жоғары дәрежеде белсенді метаболитке (осельтамивир карбоксилаты) айналады. Ішке қабылданған дозаның кемінде 75% белсенді метаболит түрінде жүйелі қан ағымына түседі. Ізашар дәрінің концентрациясы белсенді метаболиттің 5% - дан азын құрайды. Ізашар дәрінің және плазмадағы белсенді метаболиттің концентрациясы дозаға пропорционалды және тамақтануға байланысты емес.

Таралуы

Адамда белсенді метаболиттің (осельтамивир карбоксилаты) таралуының орташа көлемі шамамен 23 л – организмнің жасушадан тыс сұйықтығының көлеміне баламалы көлемде. Нейраминидазаның белсенділігі табиғатынан жасушадан тыс болғандықтан, осельтамивир карбоксилаты тұмау вирусының барлық таралу нүктелерінде таралады. Белсенді метаболиттің плазма ақуыздарымен байланысы шамалы (шамамен 3%).

Биотрансформация

Осельтамивир бауыр эстеразалары арқылы осельтамивир карбоксилатына толығымен айналады. *In vitro* зерттеулері осельтамивир мен белсенді метаболит P450 цитохромының изоэнзимдерінің субстраттары немесе тежегіштері емес екенін көрсетеді. *In vivo* зерттеулері қандай да бір компоненттерді конъюгациялаудың екінші фазасын анықтаған жоқ.

Элиминациясы

Сіңгеннен кейін осельтамивир негізінен (>90%) осельтамивир карбоксилатына конверсиялау жолымен элиминацияланады. Ең жоғары концентрацияға жеткеннен кейін белсенді метаболиттің жартылай шығарылу уақыты 6-дан 10 сағатқа дейін болады. Белсенді метаболит бүйрек арқылы толығымен шығарылады. Бүйрек клиренсі (18.8 л/сағ) шумақтық сүзіліс жылдамдығынан (7.5 л / сағ) асады, бұл гломерулярлық фильтрациядан басқа, тубулярлық секрецияның да жүретінін көрсетеді. Ішке қабылданған, радиологиялық белгіленген дозаның 20% - дан азы нәжіспен бөлінеді.

Дозаға байланыстылығы (байланыссыздығы)

Осельтамивир және оның белсенді метаболиті осельтамивир карбоксилатының фармакокинетикасы дозаға байланысты болып табылады. Қан плазмасындағы осельтамивир мен осельтамивир карбоксилаты концентрациясының артуы 20-дан 1000 мг-ға дейінгі диапазонда бір реттік қабылдаудан кейінгі және 5 күн ішінде күніне екі рет қайталанатын 75 мг-дан 450 мг-ға дейінгі диапазонда болатын дозаның ұлғаюына пропорционалды.

Ерекше популяциялар

Бүйрек жеткіліксіздігі

Әр түрлі дәрежедегі бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде 5 күн ішінде тәулігіне екі рет 100 мг осельтамивир фосфатын қолдану осельтамивир карбоксилаттың

концентрациясы бүйрек функциясының азаюына кері пропорционалды болатынын көрсетті (4.2-бөлімін қараңыз).

Бауыр жеткіліксіздігі

In vitro зерттеулерінің негізінде осельтамивир немесе оның белсенді метаболиттері концентрациясының айтарлықтай артуы күтілмейді және бұл бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде клиникалық зерттеулерде расталған (4.2- бөлімін қараңыз).

Егде пациенттер

Егде жастағы пациенттерде белсенді метаболиттің концентрациясы (65-78 жас) тұрақты концентрация фазасында осельтамивир салыстырмалы дозада алған 65 жасқа толмаған ересектерден 25-35% - ға жоғары болды. Егде жастағы жартылай шығарылу кезеңдері жас ересектерде ұқсас болды. Дәрілік заттың концентрациясы мен жағымдылығы негізінде егде жастағы пациенттерге, егер бүйрек функциясының ілеспелі ауыр бұзылуы болмаса (креатинин клиренсі 60 мл/мин кем) доза түзету қажет емес (4.2 бөлімін қараңыз).

Балалар популяциясы

1 жасқа дейінгі сәбилер

Пандемия кезіндегі 1 жасқа дейінгі нәрестелерде тұмаудың жанасудан кейінгі профилактикасы

1 жасқа дейінгі нәрестелерде препаратты тәулігіне бір рет 3 мг/кг дозада қолдануды модельдеу нәтижелері препараттың экспозициясы ересектерде тәулігіне бір рет 75 мг дозалау режиміндегідей диапазонда немесе одан асатындығын көрсетеді. Препараттың экспозициясы 1 жасқа дейінгі сәбилерді емдеу кезінде байқалған экспозициядан аспайды (тәулігіне екі рет 3 мг/кг) және қауіпсіздік бейінін салыстыруға болады деп күтілуде (4.8-бөлімді қараңыз). <1 жастағы нәрестелерде тұмаудың профилактикасы бойынша клиникалық зерттеулер жүргізілген жоқ.

Жаңа туған нәрестелер мен 1 жасқа толмаған балалар

Энфлувир препаратының фармакокинетикасы, фармакодинамикасы және қауіпсіздігі 1 жасқа дейінгі тұмау жұқтырған балаларды қамтитын екі бақыланбайтын ашық зерттеулерде бағаланды (n=135). Дене салмағы бойынша түзетілген белсенді метаболиттің клиренс деңгейі 1 жасқа дейінгі пациенттерде төмендеді. Метаболиттің концентрациясы осы жас тобындағы балаларда да анағұрлым вариабельді.

Қолда бар деректер 0-12 айлық балаларда 3 мг/кг дозасы Энфлувир препаратын ұсынылған дозада қабылдаған кезде (4.1 және 4.2-бөлімдерді қараңыз) үлкен жастағы балалар мен ересектердегі осындаймен салыстырылатын тиімділік пен қауіпсіздік бейінін қамтамасыз етуді болжайтын ізашар дәрі мен белсенді метаболиттің концентрациясына қол жеткізуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Хабарланған жағымсыз реакциялар үлкен жастағы балалардың қауіпсіздік бейінімен салыстырарлық болды.

1 жасқа дейінгі балаларда тұмаудың жанасудан кейінгі профилактикасы туралы мәліметтер жоқ. Тұмау эпидемиясы кезіндегі профилактика 12 жасқа дейінгі балаларда зерттелмеген.

Жүктілер

Жалпыланған популяциялық фармакокинетикалық талдау Энфлувир препаратын дозалау режимі жүкті емес әйелдердегі осындай көрсеткіштермен салыстырғанда жүктілік кезінде белсенді метаболиттің неғұрлым төмен концентрациясына (орташа алғанда барлық триместрлер бойы 30%) алып келетінін көрсетеді. Алайда, болжамды төмен концентрация тежеуші концентрациядан (TK95) асып түседі және тұмау вирусының штаммдарының ауқымы үшін емдік деңгейде. Бұдан басқа, бақылау зерттеулерінің деректеріне негізделген пациенттердің осы популяциясында дозалаудың осы режимінің пайдасының дәлелі бар. Осылайша, тұмауды емдеу немесе оның профилактикасы мақсатында жүктілік кезінде дозаны реттеу ұсынылмайды (4.6-бөлімін қараңыз)

5.3 Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері

Фармакологиялық қауіпсіздікті, геноуыттылықты және созылмалы уыттылықты зерттеу жөніндегі стандартты зерттеулер негізінде алынған клиникаға дейінгі деректер адам үшін ерекше қауіптілікті анықтамады. Кеміргіштерде жүргізілген канцерогендік әлеуетті стандартты зерттеулердің нәтижелері зерттеуге қатысатын кеміргіштердің түрлері үшін типтік болып табылатын кейбір ісіктердің пайда болуының дозасына тәуелді үрдісін көрсетті. Концентрациялардың рұқсат етілген шектерін адамдар үшін болжанған дозаларды қабылдау кезінде күтілетін концентрациялармен салыстыра отырып, бұл нәтижелер Энфлувир препаратын тіркелген көрсеткіштер бойынша қолдану кезіндегі қауіп мен пайдасының арақатынасын өзгертпейді.

Осельтамивирдің тератогендігін 1500 мг/кг/тәулік (егеуқұйрықтарда) және 500 мг/кг/тәулік (үй қояндарында) дейінгі дозада тексеру зерттеулерінде эмбриофетальді дамуға әсер табылмады. Препараттың 1500 мг/кг/тәулігіне дейінгі дозадағы егеуқұйрықтардың фертильділігіне әсерін зерттеу екі жыныстағы жануарлардың репродуктивті функциясына зиянды әсер етпеді. Егеуқұйрықтардың антенатальді және постнатальді даму кезеңдерін зерделеу жөніндегі зерттеулерде осельтамивирді 1500 мг/кг/тәулік дозада енгізген кезде туу кезеңінің ұлғаюы байқалды: адам үшін экспозиция мен егеуқұйрықтарда (500 мг/кг/тәулік) ең жоғары әсер етпейтін доза арасындағы қауіпсіздік шегі осельтамивир үшін 480 есе жоғары, ал оның белсенді метаболиті үшін - 44 есе жоғары. Ұрықтың экспозициясы ананың осындайының 15-20% - ын құрады.

Осельтамивир және белсенді метаболит емізетін егеуқұйрықтардың сүтіне енеді. Осельтамивир немесе белсенді метаболит емшек сүтімен бөлінетіні белгісіз. Жануарларда зерттеулерде алынған деректердің экстраполяциясы нәтижелері бойынша олардың емшек сүтіндегі мөлшері тиісінше 0.01 мг/тәулігіне және 0.3 мг/тәулігіне болуы мүмкін.

Теңіз шошқаларындағы зерттеулер тері сенсбилизациясының әлеуетін көрсетті. Осельтамивир белсенді субстанциясының ең жоғары дозаларын енгізген кезде сыналған теңіз шошқаларының шамамен 50% - ында эритема түрінде терінің сенсбилизациясы байқалды. Сондай-ақ, үй қояндарында көздің тітіркенуі анықталды.

Осельтамивир фосфатының өте жоғары ішілетін бір реттік дозалары (ең жоғары дозасы 1310 мг/кг) ересек егеуқұйрықтарға әсер етпеген кезде, осы дозалар егеуқұйрықтардың жетілмеген 7 күндік төлдеріне уытты әсер етті, оның ішінде жануарлардың өлуіне әкеп соқты. Мұндай реакциялар 657 мг/кг және одан жоғары дозаларды пайдалану кезінде байқалды. Постнаталдық кезеңнің 7-ден 21-күніне дейін тәулігіне 500 мг/кг дозада созылмалы енгізу кезінде жағымсыз әсерлер байқалған жоқ.

6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

6.1 Қосымша заттар тізбесі

Сорбитол

Титанның қостотығы

Натрий бензоаты

Ксантан шайыры

Натрий дигидроцитраты

Натрий цитраты

Натрий сахаринаты

Шабдалы хош иістендіргіші

Банан хош иістендіргіші

6.2 Үйлесімсіздігі

Қатысты емес.

6.3 Жарамдылық мерзімі

2 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

6.4 Сақтау кезіндегі айрықша сақтандыру шаралары

Құрғақ жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Дайындалған суспензияны 25 °C температурада 10 күн бойы немесе тоңазытқышта 17 күн бойы сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

6.5 Шығарылу түрі және қаптамасы

Препаратты полиэтиленді қақпағы бар янтарь түсті шыны құтыға салады.

1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге УК – лакты картон қорапшаға салынған.

6.6 Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан немесе онымен жұмыс істеуден кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі айрықша сақтану шаралары.

Фармацевт Энфлувир суспензиясын пациентке тікелей берер алдында дайындауы тиіс.

Ішке қабылдау үшін суспензия дайындау әдісі

Энфлувир препаратының қаптамасына салынған шприцтерді ғана пайдалану керек.

1. Құтының ішіндегісін сілкіп, жабық құтыны бірнеше рет қағу керек.

2. Құтыдағы белгіленген сызықтың шамамен 2/3 бөлігіне дейін ауыз су қосып, құтыны мұқият сілкіңіз. Бұдан әрі құтыда белгіленген сызыққа дейін қосымша ауыз суды (қалған 1/3) қосып, құтының ішіндегісін тағы да шайқау керек.

3. Құтының қақпағын ашып, шприцті қою керек.

Пациентке ақпараттық парақ және ішке қабылдау үшін шприц / қасық берілуі тиіс. Сұйылтылған суспензияның жарамдылық мерзімін құтының заттаңбасында көрсету ұсынылады.

Утилизациялауға қойылатын ерекше талаптар жоқ.

Пайдаланылмаған кез-келген препарат немесе қалдықтар қолданыстағы заңнамаға сәйкес утилизациялануы тиіс.

6.7 Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

АТАБАЙ КИМЬЯ САН. БЕ ТИДЖ. А.С

Acibadem Mahallesi, Koftuncu Sokak, No:3/1

Kadıköy, Стамбул, Түркия

тел: +90 (216) 326 69 65

Электронды пошта: info@atabay.com

7.1. ТІРКЕУ КУӘЛІГІ ҰСТАУШЫСЫНЫҢ ӨКІЛІ

Тұтынушылардың шағымдарын мына мекенжайға жолдау керек:

Алматы қ., 1 ш. а., 61/1 үй, Қазақстан Республикасы

«Управляющая компания WHITE SAIL» ЖШС

Тел/факс: +7 777 727 27 07

Электронды пошта: whitesail20@mail.ru

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН (ТІРКЕУ, ҚАЙТА ТІРКЕУ РАСТАЛҒАН) КҮН

Бірінші тіркеу күні:

Тіркеу (қайта тіркеу) соңғы рет расталған күн:

10. МӘТІН ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮН

Дәрілік препараттың жалпы сипаттамасын ресми сайттан қарауға болады

<http://www.ndda.kz>